

Атырау қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 11 маусымдағы № 839 "Атырау қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидасын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 1784 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабын басшылыққа алып, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1-бабына сәйкес, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 11 маусымдағы № 839 "Атырау қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 3 шілдесінде № 3241 болып тіркеліп, 2015 жылдың 14 шілдесінде облыстық "Атырау" газетінің № 77 (19910) санында жарияланған) қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қала әкімі

Н. Ожаев